



*Медициналық қызмет көрсету бойынша  
дәрілік заттардың, медициналық  
мақсаттағы бұйымдар мен  
медициналық техника айналысы бойынша  
жеке кәсіпкерлік  
саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау  
критерийлері*

Орындаған: Жақсылықова Б.Е.

Қабылдаған: Козыкеева Р.А.

Курс: 3

Факультет: ФӨТ

Топ: 18-018-01

# Жоспар:



- 1. Көрсетілетін медициналық қызметтер саласындағы тәуекел;
- 2. Тексерілетін субъектілер;
- 3. Көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын бағалау индикаторлары.
- 4. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері
- 5. Тәуекел топтары: жоғары, орташа, болмашы тәуекел дәрежесі.
- 6. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъективті өлшемдер



Медициналық қызмет көрсету бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел деңгейін бағалау критерийлері медициналық қызмет көрсету бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру субъектілерін тәуекел деңгейінің әртүрлі топтарына жатқызу үшін арналған.




көрсетілетін медицина  
қызметтер саласындағы  
тәуекел



Критерийлерде  
пайдаланылатын  
ұғымдар

тексерілетін  
субъектілер

көрсетілетін  
медициналық  
қызметтің сапасын  
бағалау  
индикаторлары




**Көрсетілетін медицина қызметтер саласындағы тәуекел** – пациенттің денсаулығы немесе өмірі үшін оның салдарының ауыртпалығын ескере отырып сапасыз медициналық қызмет көрсету нәтижесінен туындайтын жағымсыз аяқталулардың мүмкіндігі.

**Тексерілетін субъектілер** – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар.

**Көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын бағалау индикаторлары** – тиімділіктің, толықтықтың және денсаулық сақтау саласындағы медициналық қызмет стандарттарына сәйкестіктің көрсеткіштері.


Медициналық көмек ұсынудың нысанына және денсаулық сақтау ұйымдарының түрлеріне байланысты тексерілетін субъектілер тәуекел деңгейі бойынша мынадай түрде бөлінеді:



Жоғары



Орта



Болмашы

# Тәуекелдің жоғары деңгейлі тобына



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің стратегиялық бағыттары бойынша

- стационарлық,
- стационар алмастыратын және амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері,
- жедел медициналық жәрдем көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары,
- санитариялық авиация ұйымдары
- медициналық апаттар саласындағы денсаулық сақтау ұйымдары жатады;

# Тәуекелдің орта деңгейлі тобына



- стратегиялық бағыттарды қоспағанда стационарлық,
- стационар алмастырушы амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері жатады;



# Тәуекелдің болмашы деңгейлі тобына



- қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымдары,
- паллиативті көмек көрсету және мейіргерлік күтіп бағу ұйымдары;
- инвазивтік әдістерді қолдана отырып және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы пайдалана отырып косметологиялық көмек көрсететін ұйымдар жатады.



Тексерілетін субъектілерді тәуекелдер дәрежесінің түрлі топтарына жатқызу **алғашқы** және **кейінгі** бөлулер арқылы жүзеге асырылады

- алғашқы жатқызу объективті критерийлер ескеріле отырып жүргізіледі.
- кейінгі жатқызу субъективті критерийлерді ескере отырып жүргізіледі.

# Объективті критерийлер бойынша:



1) Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы **тәуекелдің жоғары дәрежелі тобына** жататын денсаулық сақтау ұйымдарына:

- дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы дайындаумен байланысты фармацевтикалық қызметпен айналысатын ұйымдар;
- құрамында есірткілік құралдар, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізумен байланысты фармацевтикалық қызмет;
- стационарлық көмекпен, жедел медициналық көмекпен және санитариялық авиациямен байланысты медициналық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жатады

2) Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы **тәуекелдердің орташа дәрежелі тобына:**

- дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндірумен байланысты фармацевтикалық қызметпен;
- дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізумен байланысты фармацевтикалық қызметпен;
- амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге байланысты медициналық қызметпен;
- қалпына келтіру емі және медициналық оңалтуды ұйымдастырумен байланысты медициналық қызметпен;
- адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ)/жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы (ЖИТС) профилактикасы саласындағы қызметпен айналысатын ұйымдар жатады;

3) Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы **тәуекелдердің болмашы дәрежелі тобына:**

- дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы тиісті практиканың мемлекеттік стандарттарын енгізген фармацевтикалық қызметпен;
- дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізумен байланысты фармацевтикалық қызметпен;
- халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметпен айналысатын денсаулық сақтау ұйымдары жатады.

# Субъективті критерийлер бойынша



Субъективті критерийлер баллдық жүйемен үш түрге бөлінген:

- 1) *өрескел бұзушылықтар* - 40 балл және одан жоғары;
- 2) *орташа бұзушылықтар* - 5 баллдан 40 баллға дейін;
- 3) *болмашы бұзушылықтар* - 1 баллдан 5 баллға дейін

Тексерілетін субъектілер:

- 1) **40** (қоса алғанда) және **одан жоғары** балл жинағанда тәуекелдердің ***жоғары дәрежелі тобына*** жатқызылады;
- 2) **5**-тен (қоса алғанда) бастап **40** баллға дейін жинағанда тәуекелдердің ***орташа дәрежелі тобына*** жатқызылады;
- 3) **1**-ден (қоса алғанда) **5** баллға дейін жинағанда тәуекелдердің ***болмашы дәрежелі тобына*** жатқызылады.

# Пайдаланылған әдебиеттер:



- <https://studfile.net/preview/3992175/>